

"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жауапты хатшысы міндетін атқарушының 2019 жылғы 25 қыркүйектегі № 514 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі аппарат Басшысының 2021 жылғы 8 ақпандағы № 32 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі аппарат Басшысының 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 531 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі аппарат Басшысының 31.12.2021 № 531 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жауапты хатшысы міндетін атқарушының 2019 жылғы 25 қыркүйектегі № 514 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшада:

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарында:

"Мемлекеттік құпияларды қорғау және жұмылдыру жұмыстары басқармасы" деген бөлімде:

"Мемлекеттік құпияларды қорғау және жұмылдыру жұмыстары басқармасының басшысы, С-3 санаты, 18-1" тарауында:

функционалдық міндеттері деген жолдағы "жауапты хатшысына" деген сөздер "аппарат басшысына" деген сөздермен ауыстырылсын":

"Қоғаммен байланыс департаменті" бөлімінде:

"Қоғаммен байланыс департаментінің директоры, С-1 санаты, 21-1" тарауында:

функционалдық міндеттері деген жолдағы "жауапты хатшының" деген сөздер "аппарат басшысының" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Кадр қызметі басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты қабылдаған күнінен бастап күнтізбелік он күннің ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі оның көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты қабылдаған күнінен бастап күнтізбелік он күннің ішінде Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аппарат басшысы

А. Құрманғалиева